

19.05.2025 ж. № 61-02-01/248
Сауда-саттықты өткізу жөніндегі
Комиссия отырысының хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

Жылжымалы мүлікті сату бойынша АУКЦИОНДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Аукционның жалпы ережелері мен шарттары

1.1. Осы тәртіп Директорлар кеңесінің 03.12.2024 ж. № 18 шешімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес бекітілген «Үлбі металлургия зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін өткізудің қолданыстағы Қағидаларын орындау үшін әзірленді.

Осы Тәртіппен көзделмеген барлық жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

1.2. Аукционды ұйымдастырушы:

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы.

ШҚО Әділет департаменті Өскемен қаласының Әділет басқармасында 26.10.2004 ж. № 1725-1917-01-АО заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, БСН 941040000097. Заңды мекенжайы: 070005, Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102.

1.3. «Үлбі металлургия зауыты» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – Ұйымдастырушы) жылжымалы мүлікті өткізу бойынша ағылшын әдісі бойынша (бағаны көтеру шарттарында) аукцион нысанында сауда-саттықты ұйымдастырады және өткізеді. Аукцион қатысушылардың құрамы және ұсыныстар беру нысаны бойынша ашық.

Жылжымалы мүлік 18 лоттарымен өткізіледі (бұдан әрі – Сату объектісі).

1.4. Сауда-саттық шарттары сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия отырысының 2024 жылғы 19.05.2025 № 61-02-01/248 Хаттамасымен айқындалған:

Ағылшын әдісі бойынша аукцион нысанындағы ашық сауда-саттық түрі (бағаны көтеруге);

Ашық сауда-саттықты өткізу күні **10.06.2025 ж. сағат 14-00-де;**

Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі **03.06.2025 ж. сағат 16-00-ге дейін**, мына мекенжай бойынша: Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102, 499-корпус, 104/3 кабинет (ғимаратта «Қазпошта» АҚ бөлімшесі, «Қазақстан Халық банкі» АҚ филиалы орналасқан);

Ашық сауда-саттықты өткізу орны: **Өскемен қ., Абай д-лы, 102, 500-корпус, оқу орталығы.**

Сауда-саттыққа қойылатындар:

Лот №	Номенклатуралық нөмірі	САП номенклатуралық нөмірі	Атауы	Өлш.бі рл.	Саны*	Бірліктің бастапқы бағасы, ҚҚС-сыз теңге	Объектінің бастапқы құны, ҚҚС-сыз теңге	Бағаны көтеру қадамы объектінің бастапқы бағасынан 5%, теңге	Кепілдік жарна объектінің бастапқы құнының 5%, теңге
1	1	01390016	БОЛАТ СЫНЫҚТАРЫ (12А)	кг	310 512,600**	52,00	16 146 655,20	2,60	807 332,76
2	2	01390001	БОЛАТ СЫНЫҚТАРЫ 12А	тн	22,325	52 000,00	1 160 900,00	2 600,00	58 045,00
3	3	01440030	Ст 3 сынықтары	кг	85 000,000	52,00	4 420 000,00	2,60	221 000,00
4	4	01390055	Шойын сынықтары	тн	31,00	52 000,00	1 612 000,00	2 600,00	80 600,00
5	5	01390057	Қара металдардың жоңқасы	тн	2,500	52 000,00	130 000,00	2 600,00	6 500,00
6	6	01390070	Ст.3 жоңқасы	кг	30,000	52,00	1 560,00	2,60	78,00
7	7	01390059	Тот баспайтын болат сынықтары	тн	5,000	167 000,00	835 000,00	8 350,00	41 750,00
8	8	00016022	Жез сынықтары	кг	2 506,10	1 500,00	3 759 150,00	75,00	187 957,50
9	9	01390030	Мыс сынықтары	кг	786,600	3300,00	2 595 780,00	165,00	129 789,00
10	10	00017154	Алюминий қалдықтары	кг	600,000	500,00	300 000,00	25,00	15 000,00
11	11	01390063	Оқшауланған мыс кабелінің қалдықтары	тн	0,518	1 650 000,00	854 700,00	82 500,00	42 735,00
12	12	01390064	Оқшауланған алюминий кабелінің қалдықтары	тн	2,500	250 000,00	625 000,00	12 500,00	31 250,00
13	13	01390046	Аккумуляторлық қорғасын батареялардың сынықтары	кг	2 727,00	287,00	782 649,00	14,35	39 132,45
14	14	00016003	Электротехникалық сынықтар	кг	303,67	150,00	45 550,50	7,50	2 277,53
15	15	00016864	БӨАЖА радиотехникалық сынықтар	кг	26,00	150,00	3 900,00	7,50	195,00
16	16	00020032	Аспаптық сынықтар	кг	500,000	150,00	75 000,00	7,50	3 750,00
17	17	00010504	Пайдаланылған май	кг	11 630,00***	28,00	325 640,00	1,40	16 282,00
18	18	02121110	Платина родий термопараларының сынықтары	гр	82,392	10 042,00	827 380,46	502,10	41 369,02

*2025 жылға жоспарланған мәндер;

**35 000 кг құрайтын БОЛАТ сынықтары (12А) орналасқан жері – Абай ауданындағы «ӨМЗ» АҚ тау-кен байыту кешені, Курчатов қаласы;

*** Орналасқан жері 1000 кг мөлшерінде мұнай қалдықтары – Абай ауданындағы «ӨМЗ» АҚ тау-кен байыту кешені, Курчатов қаласы.

1.5. Сатып алу-сату шартының үлгілік талаптары Шарттың жобасымен белгіленеді (№4 қосымша).

1.6. Аукцион жеңімпазын таңдау критерийі аукцион нысанындағы сауда-саттық объектісі үшін ең жоғары баға болып табылады.

1.7. Ұйымдастырушы аукцион өткізу туралы хабарламаны облыстық маңызы бар БАҚ-тың бірінде алғашқы ақпараттық хабарлама шыққан сәттен бастап аукцион өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын жариялайды.

БАҚ-тағы ақпараттық хабарламада: қысқаша сипаттамасы бар сауда-саттық нысанасы, сауда-саттықты өткізу күні, сауда-саттықты өткізу орны, анықтама үшін телефон болуы тиіс.

2. Анықтамалар

2.1. Ұйымдастырушы/аукционды ұйымдастырушы/Қоғам – «Үлбі металлургия зауыты» акционерлік қоғамы.

2.2. Сату объектісі/Объект – Қоғамға тиесілі жылжымалы мүлік.

2.3. Аукцион - белгіленген қағидалар мен рәсімдер бойынша жария түрде өткізілетін сауда-саттық нысаны, онда Қоғам аукцион затын ол үшін ең жоғары баға ұсынатын аукционға қатысушыға сатуға міндеттенеді.

2.4. Сауда-саттықтың ағылшын әдісі-бұл ең жоғары бағаны ұсынған бір қатысушы қалғанға дейін бастапқы баға алдын-ала жарияланған қадаммен көтерілетін сауда әдісі.

2.5. Аукционшы – аукционды жүргізетін Қоғамның жұмыскері.

2.6. Үміткер-аукционға қатысу үшін атынан өтінім берілген заңды және/немесе жеке тұлға;

2.7. Аукционға қатысушы-аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Үміткер ретінде тіркелген және сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия сауда-саттыққа жіберген заңды және/немесе жеке тұлға.

2.8. Бастапқы баға - әрбір сату Объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға.

2.9. Ең төменгі баға - сату Объектісі сатылмайтын бағадан төмен баға

2.10. Кепілдік жарна-сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушының төлем қабілеттілігіне кепілдік беретін ақшалай жарна.

2.11. Сату бағасы-сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.12. Сату бағасы-сауда-саттық нәтижесінде ұсынылған сату Объектісінің соңғы бағасы. Сату бағасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сатып алу-сату шартында тіркеледі.

2.13. Сатып алушы - сатып алу-сату шартында тарап ретінде әрекет ететін сату Объектісін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға.

2.14. Сауда - саттықты өткізу жөніндегі комиссия - сауда-саттықты өткізетін Қоғам жұмыскерлерінің қатарынан құрылған комиссия.

3. Аукционға қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Осы Тәртіптің 3.2-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, меншіктің ұйымдық-құқықтық нысанына, орналасқан жеріне, сондай-ақ капиталдың шыққан жеріне қарамастан кез келген жеке тұлға немесе заңды тұлға аукционға қатысушы бола алады.

3.2. Сауда-саттыққа қатысуға өтінім қаралған күні заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер аукционға қатысушылар бола алмайды:

– сот шешімімен банкрот деп танылған және оларға қатысты конкурстық іс жүргізу қозғалған;

- жою процесіндегілер;
- қызметі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне не резидент елдің заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрғандар;
- аукцион Ұйымдастырушылары алдында қарызы барлар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы сату Объектісін өткізу шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар.

Сонымен қатар, аукционға қатысушылар бола алмайды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні іске асырудың шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

- сауда-саттықты ұйымдастырушылар;

- сатып алу-сату шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған Қоғам Объектілерін сату бойынша алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары. Бұл жағдайда сауда-саттыққа рұқсат сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша берілуі мүмкін.

- Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссия мүшелері, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың жұмыскерлері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3.3. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия үміткердің аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуына жол бермеу мақсатында осы Тәртіптің 3.2-тармағында көрсетілген негіздердің болу фактісі анықталған жағдайда, оны өткізудің кез келген кезеңінде үміткерді аукционға қатысудан шеттетуге құқылы.

4. Аукционға қатысу шарттары

4.1. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін аукционға қатысуға ниет білдірген тұлғаға (бұдан әрі - Үміткер):

4.1.1. Осы Тәртіптің 6.3-тармағында көрсетілген деректемелер бойынша кепілдік жарна ретінде **03.06.2025 ж. сағат 16-00-ге** дейін ақшалай қаражат енгізу.

4.1.2. Ұйымдастырушының хатшысына аукцион нысанындағы сауда-саттықты өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзім ішінде Үміткер немесе оның өкілетті өкілі қол қойған белгіленген нысан бойынша өтінім (№ 1-қосымша), сондай-ақ Тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын (№ 2- қосымша) ұсыну.

4.2. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға бір өтінімнен артық өтінім бере алмайды.

4.3. Өтінімді Ұйымдастырушы құжаттар жиынтығымен қабылдайды. Құжаттар жиынтығынсыз келіп түскен өтінімдер Үміткерлерге (немесе олардың өкілдеріне) қолхатпен қайтарылады. Өтінімде қабылдаудан бас тарту туралы белгі қойылады.

4.4. Құжаттар топтамасы бар Өтінім Үміткермен не оның өкілетті өкілімен қол қойылған 2 (екі) данада Үміткермен жасалады. Даналардың бірі Ұйымдастырушыда, екіншісі Үміткерде қалады.

4.5. Оған қоса берілген құжаттары бар өтінімді Ұйымдастырушының хатшысы әрбір өтінімге нөмір бере отырып және өтінім мен құжаттарды қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

4.6. Аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдау 070005, Өскемен қаласы, «ҮМЗ» АҚ, Абай даңғылы, 102, 500- корпус, 417 кабинет мекенжайы бойынша **03.06.2025 ж. сағат 16-00-ге дейін** «Аукционға қатысу үшін» деген белгімен жүзеге асырылады.

4.7. Құжаттарды толық ұсынбау немесе осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптардан ауытқуы бар құжаттарды ұсыну, сондай-ақ ұсынылған құжаттарда Үміткер туралы

анық емес мәліметтердің болуы осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады және өтінімді қабылдамау үшін негіз болады.

4.8. Құжаттар топтамасы бар өтінімді ұйымдастырушының хатшысына үміткер жеке өзі немесе оның өкілі, немесе үміткердің немесе оның өкілінің жеке қатысуынсыз пошта арқылы ұсынылады.

Құжаттарды осы Тәртіппен белгіленген нысандар мен өзге де талаптарға сәйкестігіне салыстырып тексеруді сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы жүргізеді.

4.9. Ұйымдастырушы Үміткерден аукционға қатысуға өтінім алғаннан кейін Комиссия хатшысы Үміткерді осы Тәртіппен таныстыруды қамтамасыз етеді, ол оны сақтау бойынша міндеттемелерді жазбаша қабылдайды.

4.10. Ұйымдастырушының аукцион нысанындағы сауда-саттық рәсімін тоқтатуға және **10.06.2025 жылғы сағат 14-00-ден кешіктірмей** барлық өтінімдерден бас тартуға құқығы бар. Көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушы барлық Үміткерлерге тиісті хабарламалар жібереді, аукционнан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Үміткерлерге кепілдік жарна қайтарылады.

4.11. Аукцион нысанында ашық сауда-саттыққа қатысуға өтінім құрамында ұсынылған құжаттар Үміткерге қайтарылмайды.

5. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді өзгерту және кері қайтарып алу

5.1. Үміткер аукцион нысанында сауда-саттыққа қатысуға өзінің өтінімін өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқылы. Сауда-саттыққа қатысуға өтінімді өзгерту немесе оны кері қайтарып алу туралы хабарлама, егер мұндай өзгеріс немесе осындай хабарлама аукцион нысанындағы сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияға келіп түскен болса, жарамды болып есептеледі.

5.2. Өтінімді өзгерту оны толық ауыстыру жолымен жүзеге асырылады.

Өтінімді өзгерту үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді және жаңа өтінімді алғаны туралы қолхаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, өтінімді өзгерту туралы өтінішпен өтініш берушінің жазбаша өтінішін комиссияға ұсынуы тиіс.

Жаңа өтінімді осы Тәртіптің 4.5-тармағының шарттарына сәйкес сауда-саттық өткізу жөніндегі комиссияның хатшысы тіркейді.

Ауыстыруға жататын өтінімде сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссияның хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

5.3. Өтінімді кері қайтарып алу үшін өтінім берген Үміткер не оның өкілі өтінімді тіркеу туралы белгісі бар өтінімді кері қайтарып алуды сұрап, Үміткердің жазбаша өтінішін ұсынуы тиіс.

Үміткер кері қайтарып алған өтінімде Комиссия хатшысы «Қараудан алынды» деген жазу жасайды.

Аукционды ұйымдастырушы осы Тәртіпке сәйкес өтінімді кері қайтарып алған Үміткерге кепілдік жарнаны Үміткердің деректемелерін көрсете отырып, кепілдік жарнаны қайтару туралы Үміткердің өтініші негізінде аукционды Ұйымдастырушыға аукционға қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

6. Аукционға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету

6.1. Үміткер өз өтінімінің құрамында сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна ретінде ақшалай қаражаттың енгізілгенін растайтын құжаттарды ұсынады. Кепілдік жарнаны Үміткер осы Тәртіптің 6.3-тармақшасында көрсетілген есеп айырысу шотына өтінімдерді қабылдау аяқталған күн мен уақыттан кешіктірмей аударуы тиіс.

6.2. Сатып алу-сату шартын жасасу жөніндегі міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге енгізілетін кепілдік жарна осы Тәртіптің 1.4-тармағына сәйкес белгіленеді және:

Лот №	Номенклатуралық нөмірі	САП номенклатуралық нөмірі	Атауы	Өлш.бірл.	Саны	Кепілдік жарна объектінің бастапқы құнының 5%, тенге
1	1	01390016	БОЛАТ СЫНЫҚТАРЫ (12А)	кг	310 512,600	807 332,76
2	2	01390001	БОЛАТ СЫНЫҚТАРЫ 12А	тн	22,325	58 045,00
3	3	01440030	Ст 3 сынықтары	кг	85 000,000	221 000,00
4	4	01390055	Шойын сынықтары	тн	31,00	80 600,00
5	5	01390057	Қара металдардың жоңқасы	тн	2,500	6 500,00
6	6	01390070	Ст.3 жоңқасы	кг	30,000	78,00
7	7	01390059	Тот баспайтын болат сынықтары	тн	5,000	41 750,00
8	8	00016022	Жез сынықтары	кг	2 506,10	187 957,50
9	9	01390030	Мыс сынықтары	кг	786,600	129 789,00
10	10	00017154	Алюминий қалдықтары	кг	600,000	15 000,00
11	11	01390063	Окшауланған мыс кабелінің қалдықтары	тн	0,518	42 735,00
12	12	01390064	Окшауланған алюминий кабелінің қалдықтары	тн	2,500	31 250,00
13	13	01390046	Аккумуляторлық қорғасын батареялардың сынықтары	кг	2 727,00	39 132,45
14	14	00016003	Электротехникалық сынықтар	кг	303,67	2 277,53
15	15	00016864	БӨАЖА радиотехникалық сынықтар	кг	26,00	195,00
16	16	00020032	Аспаптық сынықтар	кг	500,000	3 750,00
17	17	00010504	Пайдаланылған май	кг	11 630,00	16 282,00
18	18	02121110	Платина родий термопараларының сынықтары	гр	82,392	41 369,02

6.3. Өтінімді қамтамасыз ету ретінде ақша қаражатын аудару үшін деректемелер:

ЖСК KZ 756010151000014503 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ШҚ ОФ БСК HSBK KZ KX, БСН 941040000097, КБе 17, КНП 171. Төлем мақсаты: «Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна _____(сауда-саттық күнін көрсету) Лот(тар) № _____».

6.4. Талап етілетін құжаттар топтамасынсыз ұсынылған өтінім осы Тәртіптің талаптары мен шарттарын елеулі түрде бұзу болып саналады, бұл сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қабылданбауына әкеп соғады.

6.5. Аукционды ұйымдастырушы сатып алу-сату шартын жасасудан жалтарған жағдайда, кепілдік жарна ретінде енгізілген ақшалай қаражатты аукцион жеңімпазына қайтармайды.

6.6. Аукционды Ұйымдастырушы аукцион нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) банктік күн ішінде сату Объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушыны қоспағанда, аукционға қатысқан, бірақ жеңімпаз атанбаған Үміткерлерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

Егер осы Тәртіпке сәйкес Комиссия сату Объектісінің бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушымен сатып алу-сату шартын жасасу туралы шешім қабылдаған жағдайда, аталған аукционға қатысушы шарт жасасудан жалтарған кезде осындай қатысушы енгізген кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.7. Сатып алу-сату шартына қол қойған аукцион Жеңімпазына кепілдік жарна қайтарылмайды, бірақ Жеңімпаздың Ұйымдастырушымен түпкілікті есеп айырысуы кезінде мәміленің жалпы сомасына есептеледі.

6.8. Егер қатысушы аукционға қатыспаған немесе сауда-саттық басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен аз уақыт бұрын аукционға қатысудан бас тартқан жағдайда кепілдік жарна қайтарылмайды.

6.9. Аукционды Ұйымдастырушы осы Тәртіптің 6.10-тармағының шарттарына сәйкес аукционға қатысуға өтінімдерді қарау хаттамасына қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде аукционға қатысуға жіберілмеген Үміткерге кепілдік жарнаны қайтаруға міндетті.

6.10. Кепілдік жарна Үміткердің деректемелерін көрсете отырып, кепілдік жарнаны қайтару туралы Үміткердің өтініші негізінде аукционның/аукционға қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері туралы Хаттамаға сәйкес қайтарылады.

7. Өтінім беруші компанияның қорытындыларды шығаруы

7.1. Өтінімдерді қабылдау тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) күн ішінде (яғни **09.06.2025 ж. сағат 16-00-ге** дейінгі мерзімде) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия Үміткерлердің өтінімдері мен құжаттарын аукцион туралы Тәртіппен белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды, Үміткерлерден тиісті шоттан үзінді көшірме негізінде кепілдік жарналардың түсу фактісін белгілейді. Өтінімдер мен құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Комиссия үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану немесе Үміткерлерді аукционға қатысуға жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7.2. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша Комиссияның Үміткерлерді аукционға қатысушылар деп тану туралы шешімі отырысқа қатысып отырған сауда-саттықты өткізу жөніндегі комиссияның барлық мүшелері қол қоятын аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасымен ресімделеді. Үміткер аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасы ресімделген сәттен бастап аукционға қатысушы мәртебесіне ие болады. Аукционға қатысуға өтінімдерді қарау Хаттамасында Үміткерлердің есімдері (атаулары) көрсетілген қабылданған өтінімдердің тізбесі, кері қайтарып алынған өтінімдердің тізбесі, аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлердің есімдері (атаулары), сондай-ақ бас тарту негіздері көрсетіле отырып, аукционға қатысуға рұқсат беруден бас тартылған Үміткерлердің есімдері (атаулары) келтіріледі.

7.3. Аукционға жіберілген қатысушы аукцион басталғанға дейін 1 (бір) сағат бұрын қол қойғыза отырып, аукциондық нөмірді алады. Егер өкілдің өкілеттігі тиісті түрде куәландырылған болса, аукциондық нөмірді жеке өзі де, өкіл де пайдалана алады.

8. Аукционды өткізу шарттары мен тәртібі

8.1. Аукционға тек аукционға қатысушылар деп танылған Үміткерлер қатыса алады. Аукционды ұйымдастырушы аукционға қатысушыларға аукционға тікелей немесе өз өкілдері арқылы қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

8.2. Аукцион аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген күні, уақытында және орнында аукциондық Комиссия мүшелерінің және аукционға қатысушылардың (олардың өкілдерінің) қатысуымен өткізіледі.

8.3. Аукцион Аукционшының оны өткізу қағидаларын, сату нысанасын, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын, бағаны өзгерту қадамын және сату Объектісін өткізу әдісін жариялауынан басталады.

8.4. Аукционшы сату Объектісінің бастапқы бағасын және бағаның өсу қадамын жариялайды. Нөмірді көтеру арқылы аукционға қатысушылар бағаны белгіленген қадамға көтеріп, жоғары баға ұсынады. Бұл ретте Аукционшы аукционға қатысушылардың аукционға

қатысушыларын (аукциондық нөмірлерін) әр жолы жариялайды, бағаны бекітеді және оны тағы бір қадамға көтереді. Сауда-саттық ең жоғары ұсынылған бағаға ұсынылғанға дейін жүреді.

8.5. Сатылатын сату Объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны Аукционшы жариялайды. Аукционшы сату Объектісінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және балғамен соғылған басқа көтерілген аукциондық нөмірлер болмаған кезде осы сату Объектісінің сатылғаны туралы хабарлайды.

8.6. Жылжымалы мүлік Объектісі бойынша сауда-саттық, егер кем дегенде бір қатысушы бастапқы бағаны бағаның өзгеруінің кемінде бір қадамына көтерген жағдайда ғана өткізілді деп есептеледі.

8.7. Егер оған объектінің ең төменгі бағасын бағаны өзгертудің кемінде бір қадамына көтерген кем дегенде бір қатысушы қатысса, Аукцион өткізілді деп танылады.

8.8. Аукцион нәтижелері аукцион нәтижелері туралы Хаттамамен ресімделеді, оған сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, Аукционшы және жеңімпаз үш жұмыс күні ішінде қол қояды. Аукцион нәтижелері туралы Хаттаманың көшірмесі жазбаша сұрау салу келіп түскеннен кейін үш жұмыс күні ішінде аукцион жеңімпазына жіберіледі.

8.9. Сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия, егер оның отырысына сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

8.10. Аукцион нәтижелері туралы Хаттама аукцион нәтижелерін және Жеңімпаз бен Ұйымдастырушының объектіні сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартын жасасу міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Аукцион нәтижелері туралы Хаттамада келесілер көрсетіледі:

- 1) аукцион өткізілетін күн мен орын;
- 2) аукционға Қатысушылардың тізбесі;
- 3) аукцион өткізу әдісі;
- 4) Қоғам туралы мәліметтер;
- 5) сауда-саттықты өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері туралы мәліметтер;
- 6) сату Объектісінің атауы;
- 7) бастапқы баға;
- 8) бағаны өзгерту қадамы;
- 9) Объект сатылған сату бағасы.
- 10) жеңімпаз туралы мәліметтер (ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын көрсете отырып, аукцион жеңімпазының толық атауы);
- 11) Тараптар сатып алу-сату шартын жасасуға міндеттенетін мерзімді қоса алғанда, сатып алу-сату шартына қол қою жөніндегі Тараптардың міндеттемелері және сатып алу-сату шартына қол қоядан бас тартқаны үшін жеңімпаздың жауапкершілігі;
- 12) хаттама аукцион жеңімпазы мен Қоғам арасындағы алдын ала шарт болып табылатыны туралы ереже;
- 13) Егер сатып алу-сату шарты аукцион нәтижелері туралы хаттамада көрсетілген мерзімдерде аукцион жеңімпазының кінәсінен жасалмаса, Комиссия жеңімпаздан кейін ең жақсы шарттарды ұсынған қатысушыны аукцион жеңімпазы деп тануға құқылы;
- 14) жеңімпазды қоспағанда, аукционға қатысушыларға кепілдік жарнаны қайтару туралы шешім (қатысушының атауын және қайтарылуға жататын кепілдік жарнаның сомасын көрсете отырып);
- 15) жеңімпазбен сатып алу-сату шартын дайындау үшін елеулі маңызы бар басқа да талаптар (олар болған жағдайда).

9. Сатып алу-сату шартын жасасу тәртібі

9.1. Аукцион нәтижелері туралы хаттама Жеңімпаздың жылжымалы мүлікті (сату объектісін) сатып алу-сату шартын жасасу құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

9.2. Сауда-саттықтың жеңімпазы жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін аукцион нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукционды Ұйымдастырушыға № 3-қосымшаға сәйкес құжаттар жиынтығын ұсынады.

9.3. Аукционды Ұйымдастырушы аукцион нәтижелері туралы Хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукцион Жеңімпазына сатып алу-сату шартының жобасын (№ 4-қосымша) ілеспе хатпен береді. Аталған жобаға аукцион Жеңімпазы жобаны алған күннен бастап 10 (он күндік) мерзімде қол қояды және аукционды Ұйымдастырушыға ұсынылады.

9.4. Аукцион Жеңімпазы сауда-саттық объектісін сатып алу-сату шартына белгіленген мерзімде қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда Ұйымдастырушы сату Объектісінің бағасы туралы соңғы ұсыныс жасаған аукционға Қатысушыға сатып алу-сату шартын жасасуды ұсынуға құқылы. Комиссия осындай аукционға қатысушыға осындай аукционға қатысушы ұсынған талаптарды қамтитын сатып алу-сату шартының жобасын жібереді. Шарттың көрсетілген жобасына сауда-саттық объектісі бағасының номиналы бойынша соңғы ұсыныс жасаған аукционға қатысушы жобаны алған күннен бастап 10 (он күндік) мерзімде қол қояды және аукционды Ұйымдастырушыға ұсынылады.

9.5. Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жылжымалы мүлікті өткізу бойынша айналымдарға қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қоспағанда, ҚҚС салынады.

Қосымша:

1. № 1-қосымша «Аукционға қатысуға өтінім» 2 парақта;
2. № 2-қосымша «Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың тізбесі» 1 парақта;
3. № 3-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз ұсынатын құжаттардың тізбесі» 2 парақта;
4. № 4-қосымша «Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартының жобасы» 13 парақта.

ӨТІНІМ

Объектіні сату бойынша аукционға/тендерге қатысуға _____
сату объектісінің лот нөмірі көрсетіледі

1. Объектіні сату туралы жарияланған хабарламаны қарап, және сату ережелерімен танысқаннан кейін,

Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«___» _____ 20__ жылы өткізілетін аукционға/тендерге қатысқысы келеді, мекенжайы:

2. Мен (біз) «Үлбі металлургия зауыты» АҚ жылжымалы мүлкін өткізу қағидаларымен таныстым (таныстық) және осы Қағидалардың барлық талаптарын сақтау бойынша міндеттеме қабылдаймыз.

Мен (біз) аукционға/тендерге қатысушы ретінде тіркелуге жатпайтынын білемін (білеміз):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы Объектіні сату шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

2) сатып алу-сату шартын жасасу және орындау бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған Объектіні сату бойынша алдыңғы сауда-саттықтардың жеңімпаздары;

3) Қоғамның лауазымды тұлғалары, сауда-саттық өткізу жөніндегі Комиссия мүшелері, сондай-ақ олардың үлестес тұлғалары.

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкессіздігім анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), аукцион/тендер нәтижелері туралы мен (біз) қол қойған хаттамамен және сатып алу-сату шартымен жарамсыз деп танылатынымен келісемін.

4. Егер мен (біз) аукцион/тендер жеңімпазы (жеңімпаздары) болып айқындалсам (айқындалсақ), аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамаға белгіленген мерзімде үш жұмыс күні ішінде қол қою міндеттемелерін қабылдаймын(-з) және аукцион/тендер өткізілген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қоямын(-з).

5. Осы өтінім аукцион/тендер нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие болады.

6. Өзім(-із) туралы мәліметтерді ұсынамын(-з):

Заңды тұлға үшін:

Атауы:

БСН: _____

Басшының Т.А.Ә.: _____

Мекенжайы: _____

Телефон нөмірі _____

Электрондық пошта _____

ЖСК

БСК

Банк атауы

Кбе

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә.:

ЖСН:

Жеке тұлғаны растайтын құжат:

Мекенжайы:

Телефон нөмірі:

Электрондық пошта

ЖСК

БСК

Банк атауы

Кбе

қолы

Жеке тұлғаның Т. А. Ә, немесе заңды тұлғаның атауы және сенімхат негізінде әрекет ететін заңды тұлға басшысының немесе өкілінің Т. А. Ә.

«__» _____ 20 __ ж.

М.О.

Қабылданды «__» _____ 20 __ ж. _____ сағат _____ мин.

қолы

Өтінімді қабылдаған тұлғаның Т. А. Ә.

Үміткер аукционға қатысуға өтініммен бірге ұсынатын құжаттардың ТІЗБЕСІ

1) заңды тұлғалар үшін:

- Директор лауазымына тағайындау туралы Құрылтайшының шешімі немесе бұйрықтың көшірмесі;
- бизнес сәйкестендіру нөмірін (БСН), бірінші басшының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;
- қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;
- кепілдік жарнаны қайтару үшін банктен банктік шоттың бар екендігін растайтын анықтаманың көшірмесі;
- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын сенімхат (егер саудасаттыққа заңды тұлғаның өкілі қатысатын болса);
- директордың не заңды тұлға өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі;
- Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;
-

2) Жеке кәсіпкерлер үшін:

- жеке кәсіпкердің немесе оның өкілінің төлқұжатының немесе жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі;
- ағымдағы шоттың бар-жоғын растайтын банктен анықтама;
- қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы Куәліктің көшірмесі;
- жеке кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама;
- Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензиялар;

**Жылжымалы мүлікті сатып алу-сату шартын жасасу үшін Жеңімпаз
ұсынатын құжаттардың тізбесі**

1) заңды тұлғалар үшін:

- Жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі (барлық енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен);

- құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтерді қамтитын Жарғыдан немесе құрылтай құжаттарынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

- сауда-саттық өткізілетін күнге дейін бір айдан кешіктірілмей берілген акцияларды ұстаушылар тізілімінен нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

- банктік шоттың бар-жоғын растайтын банктен алынған анықтаманың түпнұсқасы. Банктен алынған банктік (ағымдағы) шоттың бар екенін растайтын анықтаманың түпнұсқасы қайтарылмайды;

- заңды тұлға қызмет көрсететін банктен немесе банк филиалынан анықтама берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан асатын міндеттемелердің барлық түрлері бойынша банктің немесе банк филиалының алдында мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы.

Егер заңды тұлға бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктердің клиенті болып табылса, бұл анықтама әрбір банктен ұсынылады. Анықтама сауда-саттық өткізілетін күннің алдындағы 1 (бір) айдан ерте алынбауы тиіс;

- кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы. Төлем құжатының түпнұсқасы қатысушы сауда саттықты өткізгеннен кейін жүгінген кезде қайтарылады;

- заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын құжаттың түпнұсқасы, заңды тұлға өкілінің төлқұжатының немесе жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама.

Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады.

**№ _____ жылжымалы мүлікті сатып алу-сату
шарты**

Өскемен қ.

_____ 2025 ж.

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын, «ҮМЗ» АҚ атынан _____, және
бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын, _____ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін
директор _____,

бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жекелей «Тарап» деп аталып, ағылшын әдісі (бағаны
көтеруге) бойынша жылжымалы мүлікті сату бойынша аукцион ретінде өткізілген ашық сауда-
саттық қорытындылары туралы ____ж. № ____ хаттама негізінде төмендегілер туралы осы Шартты
жасасты:

1.Шарттың мәні

1.1. Сатушы жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – Тауар) сатуға, ал Сатып алушы тұржинақтағы
Тауарды, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшада көрсетілген мөлшерде
және баға бойынша қабылдауға және төлеуге міндетті.

2. Шарт сомасы және есеп айырысу тәртібі

2.1.Шарттың шамалы жалпы сомасы ҚҚС есебінсіз _____ теңге, _____ тиын) құрайды.
Шарттың түпкілікті жалпы сомасы қорларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттарға сәйкес
Тауар сомасымен айқындалады.

2.2. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 394-б. 18-т. сәйкес ҚҚС салынбайды.

2.3. Егер Шарттың қолданылу мерзімінің соңында Сатушы жеткізген және Сатып алушы
қабылдаған Тауардың құны 2.1-тармақта көрсетілген Шарттың жалпы сомасына жетпеген
жағдайда Сатып алушының Сатушыдан жетіспейтін Тауарды жөнелтуді талап етуге құқығы жоқ.

2.4. Сатып алушы Шарттың 4.1-тармағына сәйкес Сатушы мәлімдеген тауар көлемінің 100%
мөлшерінде алдын ала төлемді және сатушы алдын ала төлеуге берген шотты алған күннен бастап
5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп айырысу шотына
ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.5. Алдын ала төлем Сатып алушының сауда саттыққа қатысқаны үшін төлеген кепілдік
жарнасы ескеріле отырып жүргізіледі.

3.Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Сатып алушы міндеттенеді:

3.1.1. Осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізу;

3.1.2. Алдын ала төлем жасалған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күн ішінде Тауарды
қабылдап алу және Сатушының аумағынан әкету;

3.1.3. Тауарды тиіп-жөнелту алдында, бірақ алдағы тауарды тиіп-жөнелтуге дейін 3 (үш)
жұмыс күнінен кешіктірмей, Сатушыға заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың
сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі
қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы қолданыстағы Хабарламалардың және/немесе
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше
орындау үшін қажетті өзге де хабарламалардың көшірмелерін ұсыну.

3.1.4. Сатушыға Д-1 нысаны бойынша сенімхат ұсыну.

3.1.5. Жол берілмеуі тиіс: берілген рұқсаттаманың жоғалуына немесе механикалық
бүлінуіне; Сатушының күзетілетін аумағында радиоэлектрондық байланыс құралдарын,
электрондық, магниттік, оптикалық, қағаз ақпарат тасымалдағыштарды, фото-бейне жабдықтарды
рұқсат беретін құжаттарсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша алып өтуіне және
(немесе) пайдалануына; тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін

аумағынан дұрыс ресімделмеген құжаттар (тауар-материалдық құндылықтардың нақты көлемі, саны және/немесе номенклатурасы ресімделген құжаттарға сәйкес келмейді; алып кетуге арналған құжаттарда қосымша жазбалардың не түзетулердің болуы) бойынша әкету (шығару) әрекеттеріне; рұқсаттаманы басқа адамға беру; қолдан жасалған немесе мерзімі өткен рұқсаттама бойынша күзетілетін аумаққа өту әрекеттері (өтіп кету); Сатып алушының Сатушының аумағында алкогольден немесе есірткіден мас күйінде болуы, сондай-ақ күзетілетін аумаққа алкогольден немесе есірткіден мас күйінде өту әрекеті; рұқсат беретін құжаттарсыз тауар-материалдық құндылықтарды Тапсырыс берушінің күзетілетін аумағынан әкету (шығару) әрекеттері; Тапсырыс берушінің аумағына тыйым салынған заттарды, заттектерді, оның ішінде қаруды, оның оқ-дәрілерін, улы және уландыратын заттарды, көзден жас ағызатын не жүйкеге әсер ететін газы бар баллондарды, алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды әкелу (кіргізу).

3.1.6. Сатушының талабы бойынша, бірақ Шарт мерзімі аяқталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей осы Шартқа № 3,4,5 қосымшаларға сәйкес ақпарат берілсін

3.1.7. Тауарды қабылдауға дейін қарау. Тауарды қарау фактісі қорларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа қол қоюмен расталады.

3.1.8. Сатып алушының тасымалдаушысы және/не Сатып алушының жұмыскері шарттың 3.1.5-тармақшасының талаптарын орындағаны үшін жауапты болуға.

3.2. Сатушы міндеттенеді:

3.2.1. Сатып алушыға алдын ала төлемге шот қою;

3.2.2. Тауар құны толық төленген жағдайда Сатып алушыға қорларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат бойынша беру;

3.2.3. Сатып алушыға келесі тауарға ілеспе құжаттарды ұсынуға:

- қорларды тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты;
- беттердің «тазалығын» бақылау анықтамасын.

3.2.4. Сатып алушыға Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес шот-фактура жазу.

3.3. Сатып алушы құқылы:

3.3.1. Сатушыдан Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап ету.

3.4. Сатушы құқылы:

3.4.1. Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тарту (Шарттан бас тарту) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) осы Шартта көзделген жағдайларда Шартты біржақты тәртіпте бұзу.

3.4.2. Сатып алушы шарттық міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайларда тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету.

3.4.3. Шартта белгіленген тәртіпте Тауарды қабылдау және әкету мерзімдерін бұзғаны үшін Шарт бойынша төлем сомасынан тұрақсыздық айыбын біржақты тәртіпте ұстап қалу.

3.4.4. Шарттың 4-бөлімінде көзделген бұзушылықтарды жою уақытында осындай бұзушылықтар жойылғанға дейін Сатып алушының тауарды әкетуін тоқтата тұруға.

3.4.5. Бір жақты тәртіпте Шарттың 5-бөлімінде көзделген айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық төлемін) осы Шарттың 2-бөлімінің қағидаларына сәйкес алдын ала төленген сомадан ұстау.

4. Тауарды жөнелту

4.1. Әр айдың басында Сатушы хатпен және/не Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген мекенжайға электрондық хабарламамен Сатып алушыға Тауардың алдын ала жөнелту көлемін хабарлайды.

4.2. Осы Шарт бойынша тауарды жеткізу шарттары – EXW сатушының қоймасы «Инкотермс 2020».

4.3. Сатып алушы «ҮМЗ» АҚ қорғалатын аумағынан Тауарды әкетуді жүк автомобилімен/металл сынықтарын тиеуге арналған сынықтарды таситын мамандандырылған автомашинамен жүзеге асыруы тиіс. Тауарды Сатып алушыға беру жүк тиелген көлік құралының

шығуына материалдық рұқсаттама негізінде тапсырушы бөлімшенің (цехтық қойма) қоймасынан жүргізіледі.

4.4. Қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тиеу тиеу, бөлімшедегі қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын тиеу жинауға, сақтауға және өткізуге жауапты тұлғаның немесе МЖТ және ҚҚО өкілінің қатысуымен жүргізілуі тиіс.

4.5. Тиеу алдында Сатып алушы бос машинаны Сатушыға тиесілі ҚШУ (қалдық шаруашылық учаскесі - бұдан әрі ҚШУ) таразысында өлшейді. Бос машинаның салмағы ҚШУ журналында жазылады. Машинаны Тауармен тиегеннен кейін Тапсырушы және Қабылдаушы тараптардың материалдық-жауапты тұлғаларының қатысуымен, ҚШУ таразыларында өлшеу жүргізіледі, олар құжаттардағы өз қолдарымен (қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдауға қабылдау-тапсыру актісі) тиелген және бос машинаны өлшеу деректері арасындағы айырмашылық ретінде айқындалатын тауар нетто салмағының нақты мәнін куәландырады.

4.6. Тауарды өлшегеннен кейін, Сатушының журналында нақты салмақты белгілеп, тауарлық-материалдық қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатқа қол қойғаннан кейін Тауар Сатып алушының меншігіне өтеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2. Төлем бойынша Шарт орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% жауапкершілігін шектей отырып, мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін орындалмаған (тиісінше орындалмаған) міндеттеме сомасынан 0,5 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

5.3. Тауарды әкету мерзімдерін бұзғаны үшін Сатып алушы орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% жауапкершілігін шектей отырып, мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін орындалмаған (тиісінше орындалмаған) міндеттеме сомасынан 0,5 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

5.4. Міндеттемелерді орындау мерзімін өткізу кезеңі барлық міндеттемелер орындалуға тиіс күннен кейінгі күн болып табылады. Шарт талаптарының толық орындалуын растайтын құжатқа қол қойылған күнге дейін мерзімін өткізу аяқталады.

5.5. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірмей, Сатушы осы Шартта көзделген міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

5.6. Сатып алушы сауда-саттыққа қатысқаны үшін төлеген кепілдік жарнаны Сатушы осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда қайтармайды.

5.7. Сатып алушы осы Шартты жасасу алдында Тауарды тексергенін растайды. Осы Шартқа қол қойылған күнге және оны беру сәтіндегі тауардың жай-күйі Сатып алушыны толық көлемде қанағаттандырады.

5.8. Сатып алушы Тауарды Сатушыдан Сатып алушыға берген күні оны толық бақылауға алады.

5.9. Төленген тауарды осы Шартта келісілген мерзімдерде әкету мүмкін болмаған жағдайда, Тараптар Тауарды жауапты сақтау туралы Шарт жасасады.

5.10. Тараптардың әрқайсысы олардың бірлескен іс-әрекеттері немесе қателіктерінің нәтижесі болып табылатын залалдар, шығындар және шығынға ұшырау жөніндегі талаптар, адамдардың денсаулығына залал келтіру және адамдардың қаза болуы үшін жауапты болады, және де оларды екінші Тарапқа өтейді.

5.11. Сатып алушы Сатушының аумағында тауарды тиеуді орындау кезінде «ҮМЗ» АҚ денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесінің, қоршаған орта менеджменті жүйесінің талаптарын сақтауға жауапты болады.

5.12. Сатып алушы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында жіберген бұзушылықтарды Сатушы анықтаған жағдайда анықталған бұзушылықтар туралы екі жақты Акті жасалады. Сатып алушы тарапынан актіде көрсетілген мерзімде бұзушылықтарды жою жөніндегі

шаралар болмаса, Сатушы Сатып алушыға әрбір анықталған және тиісті актімен ресімделген жағдайға және 10 (он) АЕК мөлшерінде тұрақсыздық айыбына жұмсалған шығындар мөлшеріндегі залал сомасын талап етуге құқылы.

5.13. Сатушы тиісті талаптар қойған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жоғалған/бүлінген рұқсаттаманың құнын Сатушыға өтеуге міндетті.

5.14. Шарттың 8-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Сатып алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда, Сатып алушы Сатушыға Шарттың жалпы сомасынан 20% мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

5.15. «ҮМЗ» АҚ-ның күзетілетін аумағына рұқсатсыз кіргізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен заттектер тізбесінің 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттар мен заттектерді (осы Шартқа № 2 қосымша) Сатушының күзетілетін аумағында рұқсат беретін құжаттарсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша кіргізгені, әкелгені және/немесе пайдаланғаны үшін Сатушы 1 (бір) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы және бұл жағдайда Сатып алушы оны төлеуге міндеттенеді.

5.16. «ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз кіргізуге (әкелуге) тыйым салынған заттар мен заттектер тізбесінің 1, 2, 3, 8 және 9-тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттар мен заттектер (осы Шартқа № 2 қосымша) Сатушының аумағына рұқсат беретін құжаттарсыз немесе дұрыс ресімделмеген құжаттар бойынша әкелгені және/немесе кіргізгені үшін Сатушы 2 (екі) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы және бұл жағдайда Сатып алушы оны төлеуге міндеттенеді.

5.17. Сатып алушының атына жіберілген тиісті актілер, шоттар Шарттың 5.15 немесе 5.16-тармақтары бойынша айыппұл төлеу үшін негіз болып табылады.

5.18. Сатып алушының Шарттың 5-бөлімінде келісілген сомаларды төлеуі, Сатушы Шартта көрсетілген Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына төлем шоттарын жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Сатушының есеп шотына қаражатты аудару жолымен жүргізіледі.

5.19. Шарт бойынша міндеттемелердің кез келгені орындалмаған (тиісінше орындалмаған) жағдайда (алдын ала төлем жүргізу және (немесе) Сатушының аумағынан Тауарды қабылдау және әкету бөлігінде), Сатып алушы есептелген тұрақсыздық айыбын Тауар үшін төлеуге жататын сомадан шығару (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) құқығын Сатушыға береді. Бұл ретте, Сатушы Сатып алушыға Сатып алушының міндеттемені бұзғаны және есептелген тұрақсыздық айыбын алдын ала төлем сомасынан шығарғаны (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабы 4-тармағына сәйкес) туралы хатты (хабарламаны) жолдайды.

6. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

6.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша түрде жасалса және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойса, жарамды.

6.3. Шарт тараптарын бұзғаны үшін қандайда бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Сатушы Сатып алушыға міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұза алады:

- егер Сатып алушы Шартта көрсетілген мерзімде төлем жасамаса немесе Сатушы ұсынған осы шартты ұзарту кезеңінде төлем жасамаса;
- егер Сатып алушы тауарды Шартта көрсетілген мерзімде әкетпесе;
- егер Сатып алушы Шарт бойынша өзінің басқа міндеттемелерін орындай алмаса;
- егер Сатып алушы заңда белгіленген тәртіппен төлем қабілетсіз деп танылса не Сатып алушыға қатысты банкроттық рәсімдері жүзеге асырылса;
- Сатып алушыны комплаенс-тексерудің кері нәтиже анықталуы жағдайында;
- сатып алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметі тоқтатылған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге жағдайларда;

6.4. Сатушы Шартты бұзу не Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы Сатып алушыны жазбаша хабарламамен ескертеді. Хабарламада Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) себебі, күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Бұл ретте Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) туралы хабарлама Сатып алушыға Шартты алдағы бұзуға немесе Шартты орындаудан бас тартуға (Шарттан бас тартқанға) дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберілуге тиіс.

Сатушы хабарламада көрсеткен күн Шартты бұзу немесе Шартты орындаудан бас тарту (Шарттан бас тарту) күшіне енген күн болып табылады. Хабарлама, егер ол Сатып алушының электрондық поштасына немесе заңды мекенжайына жіберілсе, алынды деп есептеледі.

7. Әрекет ету мерзімдері

7.1. Шарт оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және ____ дейін әрекет етеді. Шартқа кейінірек қол қойған Тараптың қол қойған күні, осы Шартқа қол қойылған күн болып есептеледі.

7.2. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әр тілде екі данадан жасалған, әр Тарап әр тілде бір данадан алады. Осы Шарттың барлық мәтінінің заңды күштері тең. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіні арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтініне жүгінеді. Тараптар алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

8. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (Форс - мажор)

8.1. Егер кешіктіру еңсерілмейтін күш мән-жайларымен байланысты болса Тараптар осы Шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапты болмайды.

8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сұрапыл сипаттағы құбылыстар: су тасқындары, жер сілкіну, өрттер, дауылдар, Тараптардың кінәсінен емес болған апаттар, сондай-ақ қоғамдық құбылыстар: соғыс іс-қимылдары, блокада, заң шығарушы және атқару органдарының осы Шарттың талаптарын орындауға кедергі келтіретін шешімдері жатады.

8.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының болғаны туралы Тараптар біріне-бірі мұндай мән-жайлар мен олардың себептері туралы олардың басталу сәтінен бастап (3) үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға тиіс.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туралы олар болған сәттен бастап бес күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа хабарламау, осы мән-жайлардың әсеріне қалған Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін осы Тараптың орындамауына негіздеме ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

Егер Тараптан өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, еңсерілмейтін мән-жайларына сілтеме жасайтын екінші Тарап Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды орынды болғанынша жалғастырады және Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді.

Бұл жағдайда, осы мән-жайлардың Шартты орындау мерзімдері бүкіл Шартты немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары болғаннан кейін орындалуға жататын бөлігінің мерзімінде орындалуына айтарлықтай әсер етсе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері осы еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету уақытына ұзартылады.

8.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына сілтеме жасаушы Тарап оларды растау үшін тиісті уәкілетті орган берген құжатты ұсынуға міндетті.

8.5. Тиісті растамасы бар еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар Шарт бойынша міндеттемелердің орындауын тоқтатады, қажет болған кезде нақты тиіп-жөнелтілген тауар үшін өзара есеп айырысу жүргізеді.

8.6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары бір айдан артық уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені қабылдаған шешімі жөнінде екінші Тарапқа хабарлай отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

9. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Тараптар Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу үдерісінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

9.2. Кінәрат-талаптық тәртіпті қадағалау Тараптар үшін міндетті болып табылады. Атына кінәрат-талап жолданған Тарап оны қарауға және кінәрат-талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапқа жазбаша жауап жолдауға міндетті.

9.3. Шартты орындау жөнінде дауларды қарау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылатын құқық болып табылады.

9.4. Барлық даулар Сатушының орналасқан жері бойынша сот органдарында қаралады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

10.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы заңнамасын, сондай-ақ Ұлыбританияның «Парақорлық туралы» Заңын (бұдан әрі-заң) бұзатын не бұзуға ықпал ететін іс-әрекеттер – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама») кез келген заңсыз артықшылықтарды алу немесе басқа да заңсыз мақсатта қандайда тұлғалардың пайдасына немесе қандайда бір тұлғалардан олардың іс-әрекеттері немесе шешімдеріне ықпал ету үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі не үшінші тұлға арқылы кезкелген түрдегі параны немесе құндылықтарды төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

10.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты, Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу сияқты әрекеттерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

10.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) ақысыз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскерді ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

10.4. Сатушы Сатып алушыдан Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратуға құқылы.

10.5. Тараптарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін болатыны туралы күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

10.6. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірілесіп орындаушылардың) осы шарттардың қандай да ережелерін бұзушылық немесе болуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз болатын, қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерден, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

10.7. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың болуын барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

10.8. Осы Шарттың 9.5.-тармағына сәйкес хабарлама алған Тарап 10 (он) күндік мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың мекенжайына ұсынуға міндетті.

10.9. Сатып алушыда Шарттың осы тармағының қандай да бір қағидасының бұзылуы немесе бұзылу мүмкіндігі туралы күдік пайда болса, Сатып алушы бұл туралы Сатушының

корпоративтік веб-сайтында орналасқан Сатушының құпиялы ақпараттандыру арналары бойынша хабарлама жолдай алады.

10.10. Сатушы өз қарауы бойынша Сатып алушының осы Шартты орындаумен байланысты қызметіне, оның құжаттарына және жазбаларына тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады. Сатушы осындай тексеру туралы болжамды тексеру күніне дейін 20 жұмыс күннен кешіктірмей жазбаша хабарлама жолдауға міндеттенеді және бұндай тексеруді өз бетімен немесе үшінші тарапты тартумен жүргізуге құқылы.

10.11. Сатып алушы Сатушыдан көрсетілген хабарламаны алғандығын хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде растауы қажет және осындай хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде тексеру жүргізу күнін растауы тиіс. Сатушы не уәкілетті үшінші тұлға тексеру жүргізу кезінде Сатып алушының қызметкерлерінен осы Шарт шеңберінде немесе осы Шартты жасау, орындау, бұзумен байланысты сұхбат алуы мүмкін.

10.12. Егер тексеру нәтижесінде Сатып алушымен берген кепілдемелер мен растауларда бұзушылық жағдайлары анықталса, Сатып алушы аталған анықтау күнінен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей сәйкессіздіктерді жою бойынша шара қолдануға және осындай шаралар туралы Сатушыға жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті. Сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды Сатып алушы есебінен жүргізеді.

10.13. Егер Сатып алушы тексеру жүргізуден бас тартса немесе сәйкессіздіктерді жою бойынша шара қолданбаса, немесе сәйкессіздіктерді жою мүмкін болмаса, онда Сатушы осы Шартты орындаудан соттан тыс тәртіпте бұзушы Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы бір жақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

11. Сатып алушыны комплаенс-тексеру

11.1. Шарттың 10-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде Сатушы өзіне Сатып алушыны комплаенс-тексеру құқығын қалдырады.

11.2. Сатып алушыны комплаенс-тексеру барысында Сатушы Сатып алушыны ынтымақтастықтан бас тартуға негіз/теріс ақпарат/басқа мәліметтердің болуына, оның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, сыбайлас жемқорлық, ақшаның жылыстауы және лаңкестікті қаржыландырумен қоса қандай да бір заңсыз қызметке қатысы барын, Сатып алушының, оның акционерлері/құрылтайшылары/қатысушылары, басшыларының ынтымақтастыққа тыйым салатын халықаралық санкцияға жататын тұлғалар тізімінде болуына тексереді.

12. Санкциялық шектеулерге сәйкес келу кепілдемесі

12.1. Тараптар аумақтан тыс әрекеті бар санкциялар шектеулеріне енгізілмегендігіне, оның ішінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, АҚШ, Еуропалық Одақтың, Ұлыбританияның, Қытайдың, Швейцарияның немесе тараптардың кез-келгенінің орналасқан елінің санкцияларымен (бұдан әрі-Жаһандық санкциялар) шектелмей, кепілдік береді және сендіреді;

12.2. Тараптар осы Шартты орындауға тартуға, оларға қарсы Жаһандық санкциялар жіберілуі мүмкін кез-келген тұлғаларды, компанияларды немесе ұйымдарды тартуға және жалдамауға келіседі.

12.3. Егер Тарап немесе оның құрылтайшы компаниясы немесе оның кез-келген үлестес тұлғалары немесе осындай компаниялардың директорлары, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері («санкциямен шектелген тұлға») немесе санкциямен шектелген тұлға тұратын ел немесе Жаһандық санкцияларға сәйкес талап-арызға немесе айыппұлға ұшыраса немесе Шартты орындаса немесе бизнес жүргізсе немесе арнайы тағайындалған субъектілер мен бұғатталған адамдардың тізімдерінде («SDN-тізім») болса, басқа Тарап жауапкершіліксіз және айыппұлсыз, санкциямен шектелген тұлға SDN-тізімінен шығарылғанға дейін Шарттың орындалуын тоқтата тұруға құқылы, немесе санкциямен шектелген тұлға немесе санкциямен шектелген тұлғаның елі қандайда бір санкциялардың/шектеулердің объектісі мақсаты болуын тоқтатпаса, басқа Тарапқа қандайда бір өтемақысыз күнтізбелік отыз (30) күн бұрын жазбаша хабарламамен осы себепті оның қолданылуын дереу тоқтатуға құқылы.

13. Басқа талаптар

13.1. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша жасап Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған кезде оның ажырамас бөліктері болып табылады.

13.2. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Шартты орындау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.3. Тараптар уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және электрондық пошта және/немесе факсимильді байланыс арқылы қарсы Тарапқа берілген Шарт пен өзге де құжаттарды Тараптар түпнұсқаларды алғанға дейін толыққанды заңды құжаттар деп танитыны туралы уағдаласты. Электрондық пошта және/немесе факсимильдік байланыс арқылы берілген құжаттарды көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен растау Тараптар үшін 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті болып табылады. Уәкілетті тұлғалар қол қойған, мөрмен расталған және қарама-қарсы тарапқа электрондық хабарлама арқылы (графикалық түрлі-түсті форматта сканерленген түпнұсқа) берілген өзге де құжаттарды Тараптар 5 (бес) жұмыс күні ішінде бір-біріне осы құжаттардың түпнұсқаларын міндетті түрде ұсына отырып, толыққанды заңды құжаттар деп таниды.

13.4. Сатушы Шарт бойынша берілген Тауардың үшінші тұлғалардың құқықтарынан бос екендігіне кепілдік береді, дауда оған тыйым салынбайды. Олай болмаған жағдайда, Сатушы мүлктік және/немесе мүлктік емес сипаттағы барлық кінәрат-талаптар мен талаптарды өз бетінше және өз есебінен реттейді.

13.5. «ҮМЗ» АҚ осы Шартты орындаумен байланысты банктік есеп айырысулар жөніндегі ақпаратты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қор») осы Шартта көзделген банк арқылы «ҮМЗ» АҚ банктік шоты бойынша анықтамалар, үзінді-көшірме/үзінді-көшірмелер түрінде Қор талап еткен кез келген кезеңділікпен ұсынуға құқылы.

14. Тараптардың заңды мекенжайлары

САТУШЫ

«ҮМЗ» АҚ

ШҚО, Өскемен қ.
Абай д-лы, 102
БСН 941040000097
ҚҚС бойынша куәлік:
10.12.2012ж. сериясы 18001 №0023663,
ЖСК KZ 7560 1015 1000 014503
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBKKZKX
КБЕ 17

САТЫП АЛУШЫ

№ _____ ж.
Шартына
№1- қосымша

ЕРЕКШЕЛІК

р/ б №	Номенкла туралық/ түгендеу нөмірі	Атауы	Өлш. бірл.	Саны *	Бірлік үшін ҚҚС есептемег енде сату бағасы, теңге	ҚҚС есебінсіз өткізу құны, теңге	ҚҚС сомасы 12%, теңге	ҚҚС есептеге ндегі сома 12%, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9
		Жиыны						

* жоспарланған құндылықтар

САТУШЫ

САТЫП АЛУШЫ

**«ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге) тыйым салынған
заттар мен заттектер тізбесі.**

1. қару:

- а) атыс;
- б) травматикалық, газ және жарық дыбыстық әсер ететін патрондары бар ұңғысыз;
- в) суық, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын әртүрлі пышақтар;
- г) лақтыру;
- д) пневматикалық;
- е) газ;
- ё) электрлік;
- ж) сигналдық;
- з) зақымдайтын әрекеті радиоактивті сәулеленуді және биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару;
- и) зақымдайтын әрекеті электромагниттік, жарық, жылу, инфрақызыл немесе ультрадыбыстық сәулеленуді қолдануға негізделген қару;

2. Заттар:

- а) жарылғыш;
 - б) улы;
 - в) уландырғыш;
 - г) радиоактивті;
 - д) күйдіргіш;
 - е) пиротехникалық;
 - ё) тез жанатын.
3. Алкогольді ішімдіктер, есірткі және психотроптық әсер ету құралдары.
4. Портативті байланыс құралдары (ұялы және спутниктік байланыс аппараттары, тасымалды радиостанциялар).
5. Бейне-фототүсірілім құралдары және оларға аксессуарлар (кез келген форматтағы бейне немесе фототүсірілім жүргізуге арналған аппараттар), аудиоаппаратура, бейне-фототүсірілім функциясы бар смарт-сағат.
6. Портативті компьютерлер және оларға керек-жарақтар (шағын тасымалданатын компьютерлер).
7. Сыртқы ақпарат тасығыштар (ақпаратты сақтаудың магниттік, электрондық және оптикалық құрылғылары, қағазды ақпарат тасығыштар).
8. Жеке гигиена заттарынан басқа, жеке пайдалануға арналған заттардың бір түрінің 2-ден астам данада.
9. «ҮМЗ» АҚ тиесілі емес транзиттік жүктер

«ҮМЗ» АҚ күзетілетін аумағына рұқсатсыз енгізуге (әкелуге)
тыйым салынған заттар мен заттектер тізбесімен»
таныстыру туралы тіркеу үлгісі

р/б №	ТАӘ	Контрагент	Қолы	Күні
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7...				

САТЫП АЛУШЫНЫҢ КОНТРАГЕНТ АНКЕТАСЫ

Контрагент (**сатып алушы/тұтынушы/тапсырыс беруші**) _____ ұсынылған құжаттардағы ұсыну күнінен бастап, осы хатты әзірлеу күніне дейін мәліметтердің өзектілігі және толықтығы туралы хабарлайды, сонымен қатар акционерлер/соңғы бенефициарлар (қатысушылар) туралы мәліметтің өзектілігін растайды.

№ р/б	Атауы	Ұйым туралы мәліметтер
1	Ұйымның ұйымдастырушы-құқықтық нысаны және атауы	
2	Ұйымның заңды мекенжайы	
3	Ұйымның нақты мекенжайы	
4	Ұйымның пошталық мекенжайы	
5	Сайты (бар болған жағдайда)	
6	Тіркеу туралы куәлік (күні, нөмірі, кім берді)	
7	Сәйкестендіру нөмірі	
8	Заңды тұлғаның жекеше атқару органына сайланған (тағайындалған) тұлғаның лауазымы, ТАӘ	
9	Уәкілеттілігін растайтын құжатты қоса берумен ұйым атынан әрекет етуге уәкілетті және заңды тұлғаның қол қою құқығы бар өзге тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты	
10	Ұйым басшысының телефоны	
11	Жарғылық капитал мөлшері	
12	Соңғы бенефициарға дейін иелену құрылымы (ТАӘ, атауы, тіркеу орны, құрамдас үлес /акция %)	
13	Банктік деректемелері (банктің атауы және мекенжайы, банктегі есептік шот нөмірі, банк телефоны, басқа банктік деректемелер)	
14	Қызмет түрлері (қысқаша)	
15	Ұйымның лицензия тізбесі (егер қолданбалы болса)	Нөмірі, күні, кіммен берілді, әрекет ету мерзімі
		Қызмет түрі
		Нөмірі, күні, кіммен берілді, әрекет ету мерзімі
		Қызмет түрі
16	Еншілес қоғамдар, филиалдар	Орналасу орны
		Қызмет түрі
17	Ұйымның қатысуымен сотта іс қараулары туралы мәліметтер	
18	Сатып алушының этикасы және комплаенс кодексі (бар/жоқ)	

Контрагент ((**сатып алушы/тұтынушы/тапсырыс беруші**)) _____ «ҮМЗ» АҚ корпоративтік Әдеп және комплаенс кодексімен танысқандығын және шарттың бөлімімен/ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» ережесімен келіскендігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауымен келіседі.

Ұйым басшысы _____

(лаузымы, қолы, мөр, ТАӨ)

Аударған: Кожикенова.

